

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлем алудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 10 мамыр N 693. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 586 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 586 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлем алудың ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 0 ж ы л ғ ы
1 0 м а м ы р д а ғ ы
N 693 қаулысымен бекітілген

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлем алудың ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері

1. Осы Ереже ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлем алудың тәртібін, сондай-ақ, осы жағдайда түскен қаражатты пайдаланудың тәртібін айқындайды.

2. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды заңды және жеке тұлғалардың ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануы ақылы негізде жүзеге асырылады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мәдени-ағарту және оқу іс-шаралары, туристік, рекреациялық, шектеулі және дәстүрлі шаруашылық қызметтері заңнамаға сәйкес оларды күзету мен пайдалану режимдерінің ерекшеліктері ескеріліп, арнайы белгіленген учаскелерде жүзеге асырылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлемді айқындау және алу тәртібі

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланғаны үшін төлемдер осы аумақтардың сапасы мен қол жеткізімділігі ескеріле отырып белгіленеді.

5. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Олар көрсететін қызметтердің бағаларын заңнамада белгіленген тәртіппен олар қарамағына енетін орталық атқарушы органдар белгілейді. <*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен

6. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша жергілікті өкілді органдар белгілейді. Олар көрсететін қызметтердің бағаларын заңнамада белгіленген тәртіппен олар қарамағына енетін уәкілетті органдар белгілейді. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен

7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олар көрсететін қызметтер үшін төлем төлеу белгіленген ставкалар мен бағаларға сәйкес аудару жолымен де, қолма-қол есеп айырысу жолымен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Аудару жолымен төлем төлеу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қолма-қол есеп айырысу жолымен төлем төлеу бақылау-өткізу пункттерінде, қызметтер көрсету пункттерінде, не өзге де арнайы жабдықталған орындарда орнатылған кассалық аппараттар арқылы ақшаны кіріске алу арқылы жүзеге асырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды заңды және жеке тұлғалардың пайдалануына және оларға қызметтер көрсетуге тек төлем төлегендері туралы растайтын құжаттары болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

8. Мемлекеттік табиғи қорықтар (бұдан әрі - қорықтар) мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді (бұдан әрі - ұлттық парктер) қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны және олар көрсететін қызметтер үшін төленген қаражат үш банк күнінен кешіктірілмей белгіленген тәртіпте бюджетке аударылады.

9. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланғаны және олар

көрсеткен қызметтер үшін түскен қаражат үш банк күнінен кешіктірілмей, белгіленген тәртіпте олардың ағымдағы шоттарына аударылады.

3. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланудан және олар көрсететін қызметтерден түскен қаражатты жұмсау тәртібі

10. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланудан және олар көрсететін қызметтерден түскен қаражатты жұмсау, қарамағына олар енетін орталық атқарушы органдардың ұсынысы бойынша, әрбір қорық пен ұлттық парк үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін сметалардың шығыс бөлігі шегінде жүзеге асырылады.

11. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланудан және олар көрсететін қызметтерден түскен қаражатты осы аумақтарды сақтау мен дамыту мақсаттарында мынадай іс-шараларға жұмсауға рұқсат етіледі:

табиғи кешендерді сақтау және дамыту;
жануарлар және өсімдіктер дүниесін қорғау;
санитарлық кесу мен күтім кесулерін қоса алғанда, ормандарда қалпына келтіру және қорғау іс-шараларын жүргізу;
аумақты тазалау және көркейту;

табиғи-қорықтық қор объектілерін қорғаумен, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызметтермен байланысты инфрақұрылымды дамыту;

байланыс құралдарын, көлік пен жабдықтарды, өртке қарсы, орман қорғау және орман екпе мақсаттарындағы механизмдер мен материалдарды, қалпына келтіру жұмыстары үшін тұқымдар мен көшет материалдарын сатып алу;

табиғат қорғау қызметіне байланысты ғимараттар, құрылыстар және өзге де объектілерді салу, қайта жаңарту және жөндеу;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

табиғат музейлері мен көрмелерін ұйымдастыру және ұстау;

рекреациялық аймақтарды дамыту және көркейту;

жарнама және баспа қызметін жетілдіру;

экологиялық насихат;

келеңсіз экологиялық зардаптардың алдын алу және жою.

Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланудан және олар көрсететін қызметтерден алынатын қаражатты өзге мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

12. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланудан және олар көрсететін қызметтерден түскен қаражатты алу мен жұмсау жөніндегі есеп беруді жүргізу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Қорықтардың, ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланғаны және олардың

**көрсететін қызметтері үшін төлем алуды
және алынған қаражаттың жұмсалуды
бақылау**

13. Қорықтар мен ұлттық парктердің аумақтарын пайдаланғаны және олардың көрсететін қызметтері үшін төлем алуға, алынған табыстардың толық әрі дұрыс есептелуіне, сондай-ақ қаражаттың мақсатты пайдаланылуына және бухгалтерлік есептің жүргізілуіне бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен, олар қарауына енетін орталық атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК